

"Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1198 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 15 мамырдағы № 620 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1198 қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 15 мамырдағы
№ 620 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары

1-тарау. Негізгі ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалар:

- 1) азаматтарды мерзімді әскери қызметке;
- 2) запастағы офицерлерді әскери қызметке;
- 3) әскери жиынға;

4) жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскерге шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) әскери команда – екі немесе одан да көп адамнан тұратын құрамда әскери қызмет өткеретін жерге бара жатқан әскери қызметшілер тобы;

2) әскери команда құру – әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша топтарды әскерге шақырылуға тиіс азаматтармен жасақтау процесі;

3) әскерге шақыру пункті – ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімшілік аумағы шегінде құрылатын, әскерге шақырылушыларды есепке алу-әскерге шақыру жұмысын жүргізуге, медициналық куәландыруға, жиын пунктіне жеткізуді және онымен бірге жүруді ұйымдастыруға арналған пункт;

4) жиын пункті – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әкімшілік аумағы шегінде құрылатын, әскерге шақырылушыларды бақылау мақсатындағы медициналық қарап-тексеруге, әскери команда құруға және оны әскери бөлімге (мекемеге) әскери қызмет өткеретін жеріне жіберуді ұйымдастыруға арналған пункт;

5) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ҚР ҚМ АЖ) – жұмылдыру ресурсын есепке алудың азаматтарды дербес әскери есепке алуға және ақпараттық жүйемен интеграциялық өзара іс-қимыл жасауға арналған автоматтандырылған жүйесі.

4. Әскери қызметке шақырылатын азаматтарды шақырту Заңның 30-бабының 1-тармағына сәйкес шақырту бойынша жүзеге асырылады.

Шақыртуда:

1) шақырылатын азаматтың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және туған күні;

2) шақырту жіберген органның атауы;

3) азаматтың келуі қажет органның мекенжайы;

4) шақырту жіберілген күн;

5) жергілікті әскери басқару органына келетін күні мен уақыты;

6) азаматты шақырту мақсаты туралы мәліметтер қамтылады.

Азаматты шақыру мақсаты медициналық куәландыру немесе қарап-тексеру, зерделеу, әскерге шақыру комиссиясының отырысына немесе әскери қызмет өткеру үшін әскери бөлімге (мекемеге) жіберу үшін, әскери қызметке тиесілігін айқындау үшін шақыру болып табылады.

5. Ұйым басшылары – жұмыс берушілер жергілікті әскери басқару органы шақырған кезде қызметкерлерді хабардар етуді ұйымдастырады, сондай-ақ олардың уақтылы келу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

6. Азаматтарды медициналық куәландыру, бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру, қайта медициналық куәландыру мен медициналық қайта куәландыру тәртібі, сондай-ақ медициналық комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 716 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама комиссиясы туралы ережеге сәйкес айқындалады.

7. Әскери қызметке немесе әскери жиынға шақырылатын жұмыскерлер жергілікті әскери басқару органына шақырылған кезде медициналық комиссиядан өтіп жүрген кезеңде жұмыс орны (лауазымы), жұмыс орнындағы жалақысы сақталады, ал әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеріп (жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезіндегі және соғыс уақытындағы әскери қызметті қоспағанда) немесе әскери жиында жүрген кезеңде жұмыс орны (лауазымы) сақталады.

Қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) жұмыскерді әскери жиынға шақыру туралы хабарламаны шақырылған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жұмыс (оқу) орнына жібереді.

2-тарау. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі

8. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Заңның 31-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды жасақтау үшін қажетті санда мерзімді әскери қызметке әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз – жиырма жеті жас аралығындағы азаматтар шақырылады.

9. Алдағы күнтізбелік жылға Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтау үшін азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жоспары (бұдан әрі – әскерге шақыру жоспары) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, оған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери басқару органы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әзірлейтін, жыл сайын 15 қазанға дейін ҚР ҚК Бас штабына ұсынатын әскери бөлімдерді (мекемелерді) жасақтауға өтінім негіз болады.

Әскерге шақыру жоспарынан үзінді және оны іске асыру құжаттары тиісті жылғы 10 қаңтарға дейін әскери басқару органдары мен жергілікті әскери басқару органдарына таратылады.

Қажет болғанда әскерге шақыру жоспарына өзгерістер енгізу күзгі әскерге шақыру басталғанға дейін, бірақ 20 тамыздан кешіктірілмей Үкімет қаулысымен белгіленген ағымдағы жылға әскери қызметке шақырылатын азаматтар саны шегінде жүргізіледі.

10. Қорғаныс істері департаменттері тиісті жылғы 1 ақпанға және 1 тамызға дейінгі мерзімде бағынысты қорғаныс істері басқармаларына (бөлімдеріне) бақылау

мақсатында медициналық қарап-тексеру және әскери команданы жөнелту графигін азаматтарды әскерге шақыруға бөлінген тапсырмасымен бірге жібереді.

11. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын уақтылы және сапалы жасақтауды қамтамасыз ету мақсатында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруға дайындалу кезеңінде жергілікті әскери басқару органы мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды зерделеуді ұйымдастырады және жүргізеді.

12. Әскерге шақырылушыларды зерделеу қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) олардың денсаулық жағдайы туралы; жұмыс (оқу) орны туралы; білімінің бар-жоғы туралы; отбасы құрамы туралы; жүргізуші куәлігінің бар-жоғы туралы; Қазақстан Республикасының аумағында болуы туралы; қылмыстық құқық бұзушылық жасаған-жасамағаны туралы мәліметтерді жоспарлы жинақтау негізінде жүзеге асырылады және екі кезеңде өткізіледі.

Бірінші кезең қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) жыл сайын 10 қаңтардан 28 ақпанға дейін және 10 шілдеден 28 тамызға дейін өткізіледі.

Екінші кезең жыл сайын 1 наурыздан 30 маусымға дейін және 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін жиын пунктінде өткізіледі.

13. Бағынысты қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) зерделеуді ұйымдастыру мақсатында қорғаныс істері департаменттерінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушыларды зерделеу жоспары жасалады;

2) зерделеуді бақылау үшін қорғаныс істері департаменттерінің жеке құрамы бекітіліп, әскерге шақырылушыларды зерделеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы бұйрық шығарылады;

3) зерделеуге дайындалу және оны жүргізу барысын бақылау жүзеге асырылады.

14. Қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) әскерге шақырылушыларды зерделеу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) әскерге шақырылушыларды зерделеуге дайындалу және оны жүргізу жоспары жасалады;

2) әскерге шақырылушыларды зерделеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы бұйрық шығарылады;

3) зерделейтін лауазымды адамдар бекітіліп, зерделенетін әскерге шақырылушылардың тізімі жасалады;

4) әскерге шақырылушыларды зерделеу графигі мен мерзімі жасалады;

5) Заңның 17-бабының 4-тармағында көрсетілген мәліметтер мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы сұратылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмағанда Заңның 17-бабының 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) тиісті сұрау салу арқылы үш жұмыс күні ішінде алады.

15. Әскерге шақырылушыларды іріктеу мен зерделеуді Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, арнаулы мемлекеттік органдар өкілдерімен бірлесіп жүргізуге жол беріледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін (бұдан әрі – МКК) және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін (бұдан әрі – ҰҚК ШҚ) жасақтау үшін әскерге шақырылушыларды іріктеу мен зерделеу басым тәртіппен жүзеге асырылады.

Іріктеп алынған әскерге шақырылушылардың тізімін жасақталатын жергілікті әскери басқару органына өкілдер тиісті әскери бөлімдерді (мекемелерді) жасақтау басталғанға дейін 15 күн қалғанда жібереді.

16. Қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) зерделенген әскерге шақырылушылардың тізімі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 28 ақпанға және 28 тамызға қарай қорғаныс істері департаментіне беріледі.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру барысында зерделеуден өтпеген әскерге шақырылушылар медициналық куәландыруға жіберілгенге дейін зерделенеді.

17. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жергілікті атқарушы орган ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы орган:

1) есепке алу-әскерге шақыру жұмысын жүргізу;

2) медициналық куәландыру және бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру ;

3) психологиялық зерделеу;

4) әскери командалар құру және оларды әскери қызмет өткеретін жеріне, әскери бөлімдерге (мекемелерге) жіберуді ұйымдастыру мақсатында жергілікті әскери басқару органын жабдықталған әскерге шақыру және жиын пунктімен, оны күтіп-ұстауды, дәрі-дәрмекпен, керек-жарақпен, өртке қарсы, медициналық және шаруашылық мүлкімен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ байланыс және күзет құралдарымен қамтамасыз етеді.

18. Жиын пунктінде:

1) қорғаныс істері басқармаларынан (бөлімдерінен) келетін әскерге шақырылушыларды орналастыратын үй-жай;

2) әскерге шақырылушылар санитариялық тазалықтан өтетін үй-жай (монша, себезгі);

3) әскерге шақырылушылармен тәрбие жұмысы жүргізілетін үй-жай;

4) әрбір маман дәрігерге қажетті жабдығы бар бір бөлме есебінен медициналық қарап-тексеретін үй-жай;

5) флюорографиялық қарап-тексеретін үй-жай не көшпелі рентген-кешені;

6) әскерге шақырылушыларды психологиялық зерделейтін үй-жай;

7) тамақтанатын үй-жай;

8) азық сақталатын және әскери командаға жолға азық берілетін үй-жай;

9) әскери команда құрылатын үй-жай;

10) әскери команданы қабылдау және онымен бірге жүру үшін келген әскери бөлім (мекеме) өкілдері орналастырылатын үй-жай;

11) дезинфекциялық камерасы бар санитариялық өткізгіш, екі инфекциядан оқшаулағыш, санитариялық торап;

12) әскерге шақырылушылар сапқа тұрғызылатын, саптық және спорттық сабақ өткізілетін жер болуға тиіс.

Жиын пунктінде жиын пунктінің қолбасшылығы, кезекші қызмет және әскери тәртіп пен реттілікті сақтау үшін тағайындалатын басқа да адамдар орналасатын жер болуға тиіс.

Үй-жайлар мен санитариялық өткізгіш санитариялық нормалар мен қағидаларға сәйкес болуға тиіс.

19. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу үшін облыстарда (республикалық маңызы бар қалаларда немесе астанада) және аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша Заңның 28-бабында айқындалған құрамда әскерге шақыру комиссиясы құрылады. Әскерге шақыру комиссиясының тағайындалған мүшелерінің бірі сырқаттанып қалған немесе басқа да дәлелді себеппен болмай қалатын жағдайларға тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен әскерге шақыру комиссиясының резервтік құрамы айқындалады және бекітіледі. Жергілікті әскери басқару органы бірнеше әкімшілік ауданға қызмет көрсететін болса, әскерге шақыру комиссиясы әрбір ауданда тиісті аудан әкімі орынбасарының төрағалық етуімен құрылады.

20. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы комиссияның тиісті жұмысын қамтамасыз етеді және оның жұмысы басталғанға дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті атқарушы органы бекітетін үлгілік ережеге сәйкес оның мүшелерінің міндеттерін айқындайды.

21. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы медициналық куәландыру нәтижесі бойынша:

1) жарамдылық дәрежесін "Әскери қызметке жарамды" немесе "Әскери қызметке елеусіз шектеумен жарамды" деп айқындап, "Әскери қызметке шақыруға жатады";

2) жарамдылық дәрежесін "Әскери қызметке уақытша жарамсыз" деп айқындап, "Әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын";

3) жарамдылық дәрежесін "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп айқындап, "Әскери қызметке шақырудан босатылсын";

4) жарамдылық дәрежесін "Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз" деп айқындап, "Әскери міндетті атқарудан босатылсын" деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы медициналық куәландыру нәтижесі бойынша қабылдайтын шешімнен осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырыс хаттамасы ҚР ҚМ АЖ-да электрондық түрде жасалады. Отырыс хаттамасына бір күн бойы қаралған барлық әскерге шақырылушы енгізіледі, ол комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

ҚР ҚМ АЖ болмағанда не техникалық істен шыққанда отырыс хаттамасы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында ресімделеді.

22. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қабылдаған шешімді қайта қарау үшін:

1) прокурорлық қадағалауға ден қою актісі;

2) сот шешімі;

3) облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының шешімі;

4) азаматтың қабылданған шешіммен келіспейтіні туралы шағымы негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы өз шешімінің күшін жояды және аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабының 8-бағанына тиісті жазба енгізеді.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен келіспеу туралы шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен қаралады.

23. Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы әскерге шақырылатын әскерге шақырылушыларды олардың денсаулық жағдайын, антропометриялық деректерін, білімін, мамандығы мен кәсібін ескеріп, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектері бойынша, сондай-ақ басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына бөледі:

1) МКҚ-ны жасақтау үшін "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, білім деңгейі ортадан төмен

емес және МКҚ бастығы белгілеген МКҚ әскери қызметшілеріне қойылатын дене шынықтыру дайындығы талаптарына сәйкес келетін әскерге шақырылушылар жіберіледі;

2) ҰҚК ШҚ-ны жасақтау үшін "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген ерекшеліктер ескеріліп, білім деңгейі ортадан төмен емес және ҰҚК ШҚ әскери қызметшілеріне қойылатын дене шынықтыру дайындығы талаптарына сәйкес келетін әскерге шақырылушылар жіберіледі;

3) десанттық-шабуылдау әскерін жасақтау үшін білім деңгейі ортадан төмен емес дене бітімі жақсы дамыған, бірінші кезекте парашютші спортшылар қатарынан әскерге шақырылушылар жіберіледі;

4) зымыран, авиациялық, броньды танк техникасын және радиотехникалық аппаратура шығарумен байланысты ұйымда жұмыс істейтін әскерге шақырылушылар тиісті әскер түрлері мен әскер тектерін жасақтауға жіберіледі;

5) білімі жоғары әскерге шақырылушылар біліміне және әскери даярлық бейініне ұқсас мамандық бойынша оқу-жаттығу бөліміне жіберіледі;

6) математика, физика және инженерлік-экономикалық факультетті бітірген әскерге шақырылушылар радиотехникалық, зениттік-зымыран бөлімдеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің барлық түрінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының байланыс бөлімдеріне жіберіледі;

7) ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру факультетін бітірген әскерге шақырылушылар танк, авиация, зениттік-зымыран бөлімдеріне және азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныс әскери бөлімдеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланына жіберіледі;

8) медицина және фармацевтика факультетін бітірген әскерге шақырылушылар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына тиісінше кіші медициналық персонал лауазымына жіберіледі;

9) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын жасақтау үшін іріктеу білімі негізгі орта білімнен төмен емес әскерге шақырылушылар қатарынан жүзеге асырылады. Бұл ретте бұған дейін сотталып, ондай жазасы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған, қылмыс жасағаны үшін бұрын сотталған немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, сондай-ақ бұған дейін сотталып, ондай жазасы әскерге шақырылушы әскерге шақырылған кезде белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған жақын туысы бар адамдар шақырылмайды.

24. Мынадай:

1) отбасы жағдайы бойынша;

2) білім алуды жалғастыру үшін;

3) денсаулық жағдайы бойынша;

4) басқа да себептер бойынша азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

25. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен медициналық куәландыру кезінде әскери қызметке уақытша жарамсыз деп танылған азаматтарды бір жылға дейінгі мерзімге денсаулық жағдайы бойынша мерзімді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

26. Осы Қағидалардың 24-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21613 болып тіркелген) "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына және "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары) сәйкес беріледі.

27. Әскерге шақыруды кейінге қалдыру негізінің күші жойылған адамдар жалпы негізде мерзімді әскери қызметке шақырылады.

28. Азаматтар:

1) осы Қағидалардың 24-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы төрағасының атына жеке өтініш беру арқылы;

2) осы Қағидалардың 24-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша мүдделі адамдардан нотариат куәландырған тиісті құжатпен қоса аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы төрағасының атына жеке өтініш беру арқылы мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқылы.

Ескертпе.

Мүдделі адамдар – Заңның 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері.

29. Заңның 36-бабы 1-тармағының 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша азаматтар Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылады.

30. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының "Әскери қызметке шақырудан босатылсын" және "Әскери міндетті атқарудан босатылсын" деген шешімін облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы қабылданған шешімнің дұрыстығы тұрғысынан тексеруге тиіс.

Тексеру үшін қорғаныс істері басқармаларының (бөлімдерінің) лауазымды адамдары облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге

шақыру комиссиясына медициналық қарап-тексеру нәтижесімен қоса есепке алу картасы мен медициналық куәландыру картасын береді.

Құжаттарды тексеру нәтижесі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) медициналық комиссия медициналық куәландыру картасына шешіммен келісу не қайта куәландыруға жіберу туралы тұжырыммен жүргізілген тексеру туралы тиісті белгі жасайды. Медициналық комиссияның тексеру нәтижесін облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы қарайды.

Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақырудан босату туралы шешімінің дұрыстығын тексеру нәтижесі осы Қағидалардың 34-тармағында көзделген тәртіппен ресімделеді.

31. Мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған азаматтар Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларына (бұдан әрі – Әскери есепке алу қағидалары) сәйкес запасқа қойылады.

Әскери міндетін атқарудан босатылған азаматтар әскери есептен шығарылады.

32. Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған азаматтарды қоспағанда, әскери қызметке шақырудан босатылуға құқылы азаматтар аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы төрағасының атына өтініш беру арқылы өзінің қалауы бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

33. Облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы:

комиссияның тиісті жұмысын қамтамасыз етеді және ол басталғанға дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) жергілікті атқарушы органы бекітетін үлгілік ережеге сәйкес оның мүшелерінің міндеттерін айқындайды;

аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының ісіне басшылық жасауды және оны бақылауды, азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудың және одан босатудың, азаматтардың шағымы мен жолданымын қараудың дұрыстығын тексеруді ұйымдастырады.

34. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру нәтижесі бойынша:

1) жарамдылық дәрежесін "Әскери қызметке жарамды" немесе "Әскери қызметке елеусіз шектеумен жарамды" деп айқындап, "Әскери қызметке шақыруға жатады";

2) жарамдылық дәрежесін "Әскери қызметке уақытша жарамсыз" деп айқындап, "Әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылсын";

3) жарамдылық дәрежесін "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп айқындап, "Әскери қызметке шақырудан босатылсын";

4) жарамдылық дәрежесін "Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз" деп айқындап, "Әскери міндетті атқарудан босатылсын" деген шешімдердің бірін қабылдайды.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының әскери қызметке шақырудан босату туралы шешімінің дұрыс еместігін анықтағанда оның күшін жою туралы шешім қабылдайды.

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру нәтижесі бойынша қабылдайтын шешімнен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отырыс хаттамасы ҚР ҚМ АЖ-да электрондық түрде жасалады. Отырыс хаттамасына бір күн бойы қаралған әскерге шақырылушылар енгізіледі, ол комиссия төрағасының, мүшелерінің және хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

ҚР ҚМ АЖ болмағанда не техникалық істен шыққанда отырыс хаттамасы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабында ресімделеді.

35. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы қабылдаған шешімді қайта қарау үшін:

1) прокурорлық қадағалауға ден қою актісі;

2) сот шешімі;

3) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметші әскери ант қабылдағанға дейін құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген уәкілетті орган басшысы оған қатысты қабылдаған бұйрық;

4) азаматтың қабылданған шешіммен келіспейтіні туралы шағымы;

5) азаматтың аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы қабылдаған шешіммен келіспейтіні туралы шағымы негіз болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) – 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың) әскерге шақыру комиссиясы өз шешімінің күшін жояды және облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының хаттамалары кітабының 9-бағанына тиісті жазба енгізеді, сондай-ақ аудандық (облыстық маңызы

бар қаланың) әскерге шақыру комиссиясы шешімінің күшін жою туралы шешім шығарады.

Облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана), аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен келіспеу туралы шағым Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде көзделген тәртіппен қаралады.

36. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әскерге шақыру комиссиясының және облыстық (республикалық маңызы бар қала немесе астана) әскерге шақыру комиссиясының шешіміне сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады деп танылған азаматтарды жиын пунктіне жеткізуге дайындау кезінде қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) ҚР ҚМ АЖ-дан олардың есепке алу картасы басып шығарылады және ол мынадай материалдармен:

- 1) медициналық куәландыру және бақылау мақсатында медициналық қарап-тексеру нәтижесі бар медициналық куәландыру картасымен;
- 2) сотталған-сотталмағаны туралы анықтамамен;
- 3) есепке алу картасында жоқ құжаттардың көшірмелерімен толықтырылады.

37. Мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды жиын пунктіне ұйымдасқан түрде жеткізу үшін олармен бірге жүретін адам тағайындалады, оған олардың есепке алу картасы, есептік-қызметтік картасы және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) жиын пунктіне жіберген, мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтардың атаулы тізімінің (бұдан әрі – атаулы тізім) үш данасы беріледі.

Атаулы тізімнің бірінші және екінші данасы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жиын пунктінде қалады, ал үшінші данасына команданы қабылдағаны туралы қорғаныс істері департаменті бастығы орынбасарының (әскерге шақыру жұмысы мәселесіне жетекшілік ететін) қолтаңбасы қойылып, қорғаныс істері басқармасына (бөліміне) қайтарылады.

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы бұйрық шыққаннан кейін атаулы тізімнің бірінші және екінші данасындағы 13-баған толтырылады. Көрсетілген данаға қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары (әскерге шақыру жұмысы мәселесіне жетекшілік ететін) қол қояды және ол елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Атаулы тізімнің бірінші данасы есепке алынады және қорғаныс істері департаментінде сақталады.

Атаулы тізімнің екінші данасы қорғаныс істері басқармасына (бөліміне) қайтарылады, қызметтік іс жүргізуде есепке алынады және сақтау үшін архивке беріледі. 13-бағандағы әскерге шақыру туралы жазба Әскери есепке алу қағидаларына 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген есепке алу-әліпби кітабына көшіріліп жазылады.

38. Мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтарды қорғаныс істері басқармаларынан (бөлімдерінен) жиын пунктіне дейін және одан кері жеткізу жергілікті бюджеттің тиісті қаржы жылына арналған қаражаты есебінен теміржол немесе автомобиль көлігімен жүргізіледі.

39. Зерделеудің екінші кезеңі шеңберінде атаулы тізімге сәйкес жиын пунктіне келген азаматтарды психологиялық зерделеуге жіберер алдында есепке алу картасы материалының мазмұны ҚР ҚМ АЖ-дағы жаңартылған мәліметтермен салыстырып тексеріледі, салыстырып тексерілген әрбір құжатқа салыстырып тексеруші салыстыру уақыты мен күнін көрсетіп, қолын қояды.

Қаралып жатқан азаматқа қатысты:

1) мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру не одан босату үшін негіз болатын мәлімет анықталғанда азамат қорғаныс істері басқармасына (бөліміне) қайтарылады;

2) мерзімді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру не одан босату үшін негіз болатын мәлімет анықталғанда көрсетілген мәліметтер ҚР ҚМ АЖ-дан басып шығарылып, есепке алу картасына қоса тіркеледі.

Салыстырып тексеру жүргізілгеннен кейін азамат психологиялық зерделеуге жіберіледі.

Психологиялық зерделеу моральдық-психологиялық қасиетін айқындау және әскери бөлімдер (мекемелер) бойынша психологиялық тұрғыдан дайындығы мен төзімділік деңгейіне сәйкес анағұрлым ұтымды, оның ішінде психодиагностиканың техникалық құралдарын қолданып бөлу мақсатында жүргізіледі.

Психологиялық зерделеу барысында:

суицид жасау қатері факторының бар-жоғы (әскерге шақырылушының анамнезіндегі суицид жасау ойы, жоспары, суицид жасау әрекеті);

жақын туысында расталған отбасылық суицид жасау анамнезі;

психологиялық зерделеу барысында бейімделуі қиын болуының немесе психоэмоционалдық тұрғыдан қолайсыз жағдайының объективті белгілері анықталғанда мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтармен тереңдетілген психологиялық зерделеу жүргізіледі.

Тереңдетілген психологиялық зерделеу нәтижесі бойынша психологиялық қорытынды жасалады, онда анықталған тәуекел факторы, әскерге шақырылушының жеке басының ерекшелігі мен бейімделу әлеуеті сипатталады.

Қосымша тексеру қажет болғанда әскерге шақырылушы медициналық комиссияның шешімі бойынша суицид жасау қатерін түпкілікті бағалау және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-224/2020 бұйрығымен бекітілген (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 21712 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік

көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес психикалық денсаулық жай-күйі бойынша әскери қызметке жарамдылық санатын айқындау үшін медициналық-әлеуметтік мекемеге жіберіледі.

Психологиялық зерделеу және тереңдетілген психологиялық зерделеу нәтижесі есепке алу картасына тіркеледі және азамат әскери бөлім (мекеме) өкілімен әңгімелесуге жіберіледі.

Ескертпе.

Психологиялық зерделеу мен тереңдетілген психологиялық зерделеу нәтижесі ұсынымдық сипатта болады.

Әңгімелесуден кейін наркологиялық тестілеу жүргізіледі, оның нәтижесі есепке алу картасына тіркеледі.

Наркологиялық тестілеуде оң нәтиже болса, азамат облыстық (республикалық маңызы бар қала және астана) әскерге шақыру комиссиясының шешімімен наркологиялық диспансерге қосымша медициналық қарап-тексеруге жіберіледі.

40. Әскери бөлімнің (мекеменің) әскери команданы қабылдау және онымен бірге жүру үшін тағайындалған өкілдері жиын пунктіне әскери командалар жөнелтілгенге дейін кемінде үш тәулік бұрын келеді. Бұл ретте жеке құрамның өзімен бірге:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 2) іссапар куәлігі;
- 3) әскери бөлімнен (мекемеден) әскери команданы қабылдауға және онымен бірге жүруге берілген сенімхат;
- 4) әскери командаға қабылданған әскерге шақырылушыларға медициналық кітапша бланкісі;
- 5) әскери команданы жеткізуге маршрут парағы болуға тиіс.

41. Әскери бөлімнің (мекеменің) өкілдері жиын пунктінде болған кезеңде:

1) құқық тәртібін және жұмыс уақыты регламентін сақтау мәселелері бойынша қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасарына (әскерге шақыру жұмысы мәселесіне жетекшілік ететін) бағынады;

2) әскери командаларға қабылдар алдында әскерге шақырылушылармен жеке әңгімелесу өткізеді, оның нәтижесі осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әңгімелесу парағында көрсетіледі.

Ескертпе.

Әңгімелесу нәтижесі азаматты әскери командаға қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды;

3) әскерге шақырылатын әскерге шақырылушыларды наркологиялық тестілеу кезінде өзі қатысады;

4) терісінің сырылуы мен гематоманың, сондай-ақ денсаулығында және антропометриялық деректерінде қандай да бір айқын ауытқудың бар-жоғы тұрғысынан

әскери командаларға қабылданған әскерге шақырылушылардың денсін күнде қарап-тексереді;

5) тамақтанған және санитариялық тазалық шараларынан өткен кезде әскери командаларға қабылданған әскерге шақырылушылармен бірге жүреді.

42. Жиын пунктінде:

1) әскери командаларды құру үш тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі;

2) әскерге шақырылушыларға (резервті ескеріп) үш мезгіл ыстық тамақ беру жергілікті атқарушы органның қаражаты есебінен ұйымдастырылады;

3) әскери команда құрамында жөнелтілетіндердің жалпы санының жиырма пайызына дейін әскерге шақырылушылар резервін ұстауға жол беріледі, ол әскери командаларға қабылданған әскерге шақырылушыларды ауыстыру керек болғанда қолданылады.

43. Қорғаныс істері департаменттерінің бастықтары және олардың орынбасарлары (тәрбие және идеологиялық жұмыс мәселесіне жетекшілік ететін) жиын пунктінде әскерге шақырылушылар арасында қажетті тәрбие жұмысы мен идеологиялық жұмысты ұйымдастырады, шығарып салуға келген ата-анамен түсіндіру жұмысын жүргізеді, сондай-ақ жергілікті атқарушы орган, қоғамдық ұйым өкілдерінің және әскерге шақырылушылардың ата-анасының қатысуымен әскери командалардың жеке құрамын салтанатты түрде шығарып салуды ұйымдастырады.

Жиын пунктінде, сондай-ақ жолда әскерге шақырылушылармен тәрбие жұмысы мен идеологиялық жұмыс кезінде жоғары ұйымшылдық пен тәртіпті қамтамасыз етуге, жергілікті тұрғындарға қатысты бұзақылық және басқа да жат қылық жасау жағдайын болғызбауға назар аударылады. Жол жүргенде және тоқтаған жерде өзін-өзі ұстау қағидалары мен қауіпсіздік шаралары, жеке құрамның әскери тәртіпті, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қатаң сақтау қажеттілігі түсіндіріледі.

44. Әскери команданы құру аяқталғаннан кейін әскери командаға қабылданған әскерге шақырылушыларға қатысты ҚР ҚМ АЖ-ны қолданып, мерзімді әскери қызметке шақыру және әскери атақ беру туралы қорғаныс істері департаменті бастығының бұйрығы (бұдан әрі – әскерге шақыру туралы бұйрық) шығарылады.

Әскерге шақыру туралы бұйрықты жасау кезінде техникалық істен шығу (ақау) орын алғанда бұйрықты қағаз жеткізгіште басып шығаруға, кейіннен бұйрықты бұрын айқындалған деректемелермен ҚР ҚМ АЖ-да қайта шығаруға жол беріледі.

Әскерге шақыру туралы бұйрық шыққаннан кейін белгіленген тәртіппен кейіннен қол қойғызып беру үшін сержант және қатардағы жауынгер құрамының әскери билеті жазып беріледі.

Ескертпе.

Әскери командаға қабылданған азамат қорғаныс істері департаменті бастығының әскерге шақыру туралы бұйрығы шыққан сәттен бастап мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшісі мәртебесіне ие болады.

Мерзімді әскери қызметке шақырылған және құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген уәкілетті орган басшысының бұйрығы негізінде әскери ант қабылдағанға дейін денсаулық жағдайы бойынша қайтарылған азаматқа қатысты әскерге шақыру туралы бұйрықтың күшін жою туралы қорғаныс істері департаменті бастығының бұйрығы шығарылады.

45. Әскери қызмет өткеретін жерге кететін күні әскери бөлім (мекеме) өкілдері бірге жүру үшін әскери команданы тиісті қорғаныс істері департаменті бастығының бұйрығымен мерзімді әскери қызметке шақырылған және әскери бөлімге (мекемеге) жіберілген азаматтарды атаулы тізім бойынша қабылдайды, ол тізімі осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жасалады.

Атаулы тізімнің бірінші данасы әскери бөлім (мекеме) өкіліне мынадай құжаттармен беріледі:

азық-түлік аттестаты;

маршрут парағы;

№ 065/у нысанындағы профилактикалық екпе картасынан үзінді;

есептік-қызметтік карта;

медициналық кітапша;

психологиялық зерделеу нәтижесі.

Атаулы тізімнің екінші данасы қорғаныс істері департаментінде есепке алынады және әскери билет беру ведомосымен бірге сақталады.

Әскери команда әскери қызмет өткеретін жерге кеткеннен кейін әскерге шақырылған азаматтардың есепке алу картасы бұдан әрі екі жыл бойы сақтау үшін тиісті қорғаныс істері басқармаларына (бөлімдеріне) қайтарылады.

46. МКҚ-ға әскерге шақырылған мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілері әскери қызмет өткеретін жерге келгеннен кейін әскери ант қабылданғанға дейін "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген талаптарға сәйкес келуін тексеру бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

Мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерінің белгіленген талаптарға сәйкес келмейтіні анықталғанда әскери бөлім командирі оларды әскери бөлім тізімінен шығару туралы бұйрық шығарады және оны әскерге шақырылған жері бойынша қорғаныс істері департаментіне жібереді.

47. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды жеткізуге жұмсалған шығынды өтеуді тиісті мемлекеттік орган республикалық бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде жеткізуді жүзеге асыратын ұйым ұсынған шот бойынша оған тікелей жүргізеді.

48. Әскери бөлім (мекеме) мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілеріне талап ету орны бойынша ұсыну үшін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті анықтама береді.

49. Мәліметтерді ҚР ҚМ АЖ-ға енгізу мақсатында мерзімді әскери қызметке шақырылатын азаматтар жиын пунктінде жөнелту алдында осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дербес деректерді жинауға, өңдеуге және кредиттік бюроға беруге келісімге қол қояды, ол ҚР ҚМ АЖ-да электрондық есепке алу картасына қоса тіркеледі.

3-тарау. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі

50. Запастағы офицерлерді офицер құрамының лауазымына әскери қызметке шақыру Заңның 32-бабына сәйкес жүргізіледі.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды және әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ, Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жанындағы әскери кафедрада (әскери факультетте) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлықты бітірген жиырма тоғыз жасқа толмаған запастағы офицерлер және отыз екі жасқа толмаған медициналық қызметтің запастағы офицерлері әскери қызметке шақырылады.

Запастағы офицерлер бейбіт уақытта офицер құрамының лауазымында әскери қызмет өткеру үшін құрылымында әскери қызмет өткеру көзделген уәкілетті органдардың (бұдан әрі – уәкілетті орган) өтінімі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген санда әскерге шақырылады.

51. Қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) осы Қағидалардың 50-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін запастағы офицерлерді зерделеу және іріктеу жұмысын жүргізеді.

Запастағы офицерлерді зерделеу және іріктеу рәсімі екі кезеңде жүргізіледі.

Бірінші кезеңде запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыруға тапсырма алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- 1) дайындалу және зерделеу мен іріктеу жоспары жасалады;
- 2) зерделеу мен іріктеуді ұйымдастыру және жүргізу туралы бұйрық шығарылады;
- 3) зерделейтін және іріктейтін лауазымды адамдарды бекітіп, зерделеуге жататын запастағы офицерлердің тізімі жасалады;
- 4) зерделеу мен іріктеу графигі жасалады;
- 5) Заңның 17-бабының 4-тармағында көрсетілген мәліметтер мемлекеттік органның мемлекеттік ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету арқылы сұратылады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелер арасында өзара іс-қимыл болмағанда Заңның 17-бабының 4-тармағында көрсетілген мәліметтерді қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) үш жұмыс күні ішінде тиісті сұрау салу бойынша алады.

Зерделеудің екінші кезеңі шеңберінде:

1) запастағы офицерлер медициналық куәландыруға жіберіледі.

Медициналық куәландыру нәтижесі (жарамдылық дәрежесі) ҚР ҚМ АЖ-ның электрондық есепке алу картасына енгізіледі;

2) ҚР ҚМ АЖ-да электрондық есепке алу картасы жаңартылады;

3) запастағы офицермен әңгімелесу жүргізіледі, оның нәтижесі осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әңгімелесу парағына енгізіледі;

4) материал ресімделеді және арнайы тексеру үшін жіберіледі.

Запастағы офицердің әскери қызметке шақыруға сәйкес келетіні туралы шешім зерделеу, медициналық куәландыру және арнайы тексеру нәтижесі бойынша қабылданады.

52. Мынадай:

1) Заңның 35-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген отбасы жағдайы бойынша;

2) білім алуды жалғастыру үшін;

3) денсаулық жағдайы бойынша;

4) басқа да себептер бойынша запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру кейінге қалдырылады.

Әскери қызметке шақыру осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес кейінге қалдырылады.

Медициналық куәландыру кезінде жарамдылық дәрежесі "Әскери қызметке уақытша жарамсыз" деп айқындалған запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру денсаулық жағдайы бойынша бір жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдырылады.

Жарамдылық дәрежесі туралы қорытындысы бар медициналық куәландыру картасының сканерленген көшірмесі электрондық есепке алу картасының "Құжаттар" деген бөліміне жүктеледі, сондай-ақ ҚР ҚМ АЖ-дағы "Жарамдылық дәрежесі" деген жолға тиісті өзгеріс енгізіледі.

53. Заңның 36-бабы 1-тармағының 3), 5) және 6) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша запастағы офицерлерді әскери қызметке шақырудан босату Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес беріледі.

Медициналық куәландыру кезінде:

1) жарамдылық дәрежесі "Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды" деп айқындалған запастағы офицерлер әскери қызметке шақырудан босатылады;

2) жарамдылық дәрежесі "Әскери есептен шығарумен әскери қызметке жарамсыз" деп айқындалған запастағы офицерлер әскери есептен шығарылады.

Жарамдылық дәрежесі туралы қорытындысы бар медициналық куәландырудың сканерленген көшірмесі электрондық есепке алу картасының "Құжаттар" деген бөліміне жүктеледі, сондай-ақ ҚР ҚМ АЖ-дағы "Жарамдылық дәрежесі" деген жолға тиісті өзгеріс енгізіледі.

54. Запастағы офицерлер:

1) осы Қағидалардың 52-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тиісті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының атына өзі өтініш беру арқылы;

2) осы Қағидалардың 52-тармағының 1) тармақшасында көзделген негіздер бойынша мүдделі адамдардан нотариат куәландырған тиісті құжатпен қоса тиісті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының атына өзі өтініш беру арқылы әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырудан бас тартуға құқылы.

Мүдделі адамдар – Заңның 35-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген басқа адамның көмегіне және күтіміне мұқтаж отбасы мүшелері.

Денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылған адамдарды қоспағанда, әскери қызметке шақырудан босатылуға құқығы бар запастағы офицерлер тиісті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының атына өзі өтініш берсе, олар өз қалауы бойынша әскери қызметке шақырылуы мүмкін.

55. Қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) кейіннен уәкілетті органға жіберу үшін әскери қызметке шақыруға іріктелген запастағы офицерлердің мынадай материалдарын:

- 1) қызметтік картасын;
- 2) медициналық картасын;
- 3) білімі туралы құжаттың (құжаттардың) көшірмесін;
- 4) сотталған-сотталмағаны туралы хабарламаны;

5) қорғаныс істері басқармасының (бөлімінің) бастығы куәландырған арнайы тексеру нәтижесінің көшірмесін қорғаныс істері департаментіне жібереді.

56. Әскери қызметке шақыру үшін іріктелген запастағы офицерлерге қорғаныс істері департаменті берген материал бойынша уәкілетті органның басшысы оларды әскерге шақыру туралы бұйрық шығарады.

Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы бұйрықтан үзінді тиісті әскери бөлімге (мекемеге) және қорғаныс істері департаментіне жіберіледі.

57. Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы бұйрықтан үзіндіні алған сәттен бастап әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) тиісті жергілікті әскери басқару органымен өзара іс-қимылды ұйымдастыру арқылы олардың келуін бақылауды жүзеге асырады.

58. Тиісті қорғаныс істері басқармасының (бөлімінің) бастығы уәкілетті орган басшысының запастағы офицерді әскери қызметке шақыру туралы бұйрығынан үзіндіні алған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде соның негізінде әскери қызметке шақырылған офицердің әскери қызмет өткеретін жерге кетуі туралы бұйрық шығарады.

Ескертпе.

Қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының запастағы офицердің кетуі туралы бұйрығы шыққан сәттен бастап ол әскери қызметші мәртебесіне ие болады.

59. Қорғаныс істері басқармасының (бөлімінің) бастығы әскерге шақырылған офицерге нұсқама береді және оның әскери бөлімге (мекемеге) кетуін бақылауды жүзеге асырады.

Нұсқамада көрсетілген әскери қызмет өткеретін жерге келетін күні жұмыс орнынан шығару және жолда жүру үшін қажетті уақыт ескеріліп айқындалады. Әскери қызмет өткеретін жерге келудің жалпы мерзімі нұсқама берілген күннен бастап есептелетін күнгізбелік он күннен аспауға тиіс.

Әскери қызметке шақырылған офицердің кетуі туралы ақпарат қорғаныс істері департаментіне және ол әскери қызмет өткеруге жіберілген әскери бөлімге (мекемеге) хабарланады.

Әскери қызметке шақырылған офицер кету туралы бұйрық шыққан сәттен бастап үш жұмыс күні өткеннен кейін нұсқама алу үшін келмегенде қорғаныс істері басқармасының (бөлімінің) бастығы әскери полиция органы мен қорғаныс істері департаментіне нұсқаманы уақтылы тапсыруға бағытталып қабылданған шаралардан нәтиже болмағаны туралы хабарлайды.

60. Кеткен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде әскери қызметке шақырылған офицердің жеке ісі тиісті әскери бөлімге (мекемеге) жіберіледі, онда мынадай материал :

- 1) қызметтік тізім;
- 2) қызметтік карта;
- 3) аттестаттау парағы;

4) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің офицер құрамының әскери атағын беру туралы бұйрығынан үзінді;

5) уәкілетті орган басшысының әскери қызметке шақыру туралы бұйрығынан үзінді ;

6) қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының әскери қызмет өткеретін жерге кетуі туралы бұйрығынан үзінді;

7) зертханалық және аспаптық зерттеу нәтижесін, сондай-ақ созылмалы ауруы бар пациентті динамикалық бақылау орталығынан берілген анықтамамен қоса медициналық куәландыру картасының көшірмесі;

8) ішкі істер органынан әкімшілік құқық бұзушылықтың бар-жоғы туралы мәліметтер;

9) сотталған-сотталмағаны туралы хабарлама;

10) мемлекеттік кіріс органының белгіленген нысанындағы салық есептілігін электрондық түрде, оның ішінде жұбайы (зайыбы) үшін де, қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарлама;

11) білімі туралы құжаттың (құжаттардың) көшірмесі;

12) өмірбаян (өз қолымен жазылған және терілген);

13) зерделеу парағы;

14) жеке нөмірі жазылған жетон болуға тиіс.

61. Әскери бөлімнің (мекеменің) кадр бөлімшесі әскери қызметке шақырылған офицер қызмет өткеретін жеріне келмегенде себебін нақтылау үшін тиісті жергілікті әскери басқару органына сұрау салу жібереді.

4-тарау. Әскери жиынға шақыруды ұйымдастыру және оны өткізу тәртібі

62. Әскери жиынның негізгі мақсаттары әскери бөлімдердің (мекемелердің) жауынгерлік және жұмылдыру даярлығын арттыру, сондай-ақ жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтауға қажетті әскери оқытып-үйретілген ресурсты даярлау және запаста ұстау болып табылады.

63. Әскери жиынға шақыру Заңның 33-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери жиынға әскери қызметке жарамды, әскерге шақырудан босатылуға құқығы жоқ әскери міндеттілер шақырылуға жатады.

64. Әскери жиынға шақырудан босату Заңның 36-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша беріледі.

Заңның 36-бабы 2-тармағының 9) тармақшасында көрсетілген адамдарды қоспағанда, әскери жиынға шақырудан босатуға құқығы бар азаматтар тиісті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының атына өзі өтініш берсе, олар өз қалауы бойынша әскери жиынға шақырылуы мүмкін.

65. Әскери жиынды ұйымдастыруды мен өткізуді жалпы жоспарлауды:

1) Қарулы Күштерде (аумақтық әскерді қоспағанда) – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы;

2) басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша уәкілетті орган;

3) аумақтық әскерде – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

66. Әскери жиын:

1) әскери міндеттілерді даярлау және қайта даярлау мақсатында өткізілетін оқу-жаттығу жиыны;

2) төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету, төтенше жағдай мен олардың салдарын жою іс-шараларын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де жағдайда өткізілетін арнайы жиын;

3) соғыс уақытының ұйымдық-штаттық құрылымында міндеттерді орындауға арналған әскери бөлімдердің (мекемелердің) әзірлігін тексеру мақсатында өткізілетін тексеру жиыны болып бөлінеді.

67. Әскери-оқытылған ресурсты даярлау және жинақтау үшін оқу-жаттығу жиыны өткізіледі, оның барысында:

1) запастағы сержанттар мен қатардағы жауынгерлерден запастағы офицерлерді даярлау;

2) әскери міндеттілерді жоғары лауазымға даярлау;

3) әскери міндеттілерді басқа да әскери-есептік мамандыққа қайта даярлау;

4) әскери білімді жетілдіру және әскери міндеттілерді қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа түрінде даярлау;

5) қару-жарақ пен әскери техникаға, сондай-ақ жұмсалмайтын қор мүлкі мен ұзақ сақталатын қорға қызмет көрсету жүзеге асырылады.

68. Төтенше жағдай режимін енгізу және қамтамасыз ету, төтенше жағдай мен олардың салдарын жою іс-шараларын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де жағдайда жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті санда азаматтарды арнайы жиынға шақыру жүзеге асырылады.

69. Әскери басқару органының, әскери бөлімдердің (мекемелердің) соғыс уақытының ұйымдық-штаттық құрылымында міндеттерді орындауға әзірлігін тексеру (инспекциялау) үшін тексеру жиыны өткізіледі, оның барысында:

1) әскери басқару органының, әскери бөлімдердің (мекемелердің), бөлімшелердің жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінің жеке элементтерін тексеру;

2) әскери міндеттілердің жұмылдыруда арналуы бойынша лауазымдық міндеттерін орындауға әзірлігін тексеру жүзеге асырылады.

70. Әскери жиынға шақырылатын әскери міндеттілер саны:

1) әскери басқару органына, Қарулы Күштердің әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) (аумақтық әскерді қоспағанда) – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде;

2) әскери басқару органына, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери бөлімдеріне (мекемелеріне) – Қорғаныс министрлігімен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бірінші басшысының бұйрығы негізінде;

3) Қарулы Күштер аумақтық әскерінің аумақтық органына жұмылдыру даярлығы, Қазақстан Республикасы аумақтық қорғанысының дайындығы жөніндегі іс-шаралар шеңберінде – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабымен келісу бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

71. Қарулы Күштерге оқу-жаттығу және тексеру жиынына шақырылатындар саны Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери басқару органынан ҚР ҚК Бас штабына жыл сайын алдағы жылға 1 қарашаға дейін жіберілетін өтінім негізінде жасалады.

Алынған өтінім негізінде, алдағы жылға Қарулы Күштердің жұмылдыру даярлығы іс-шараларын ескеріп, ҚР ҚК Бас штабы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери міндеттілерді тиісті жылға әскери жиынға шақыру туралы бұйрығын және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабының бастығы бекітетін әскери жиынды өткізу жоспарын әзірлейді.

72. Арнайы жиынға шақырылатындар саны ҚР ҚК Бас штабына жіберілетін әскери басқару органының, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органның өтінімі негізінде жасалады.

73. Басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға, аумақтық әскер бөлімшелеріне оқу-жаттығу және тексеру жиынына шақырылатындар саны әскери басқару органы мен аумақтық әскер бөлімшелері жыл сайын алдағы жылға 1 қарашаға дейін тиісінше уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органға жіберетін өтінім негізінде жасалады.

Алынған өтінім негізінде алдағы жылға жұмылдыру даярлығы іс-шараларын ескеріп, уәкілетті және жергілікті атқарушы орган ҚР ҚК Бас штабымен келісілетін тиісті бұйрық (қаулы) және әскери жиын өткізу жоспарын әзірлейді.

74. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өткізетін әскери жиынға әскери міндеттілерді шақыру нұсқауын және нарядын ҚР ҚК Бас штабы әскери жиын басталғанға дейін екі ай бұрын әскери басқару органына және жергілікті әскери басқару органына жібереді.

Басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, аумақтық әскер бөлімшелері өткізетін әскери жиынға әскери міндеттілерді шақыру нұсқауын және нарядын ҚР ҚК Бас штабы әскери жиын басталғанға дейін бір ай бұрын жергілікті әскери басқару органына жібереді.

75. ҚР ҚК Бас штабының нұсқауы негізінде әскери басқару органы:

1) мамандықтар бойынша шақырылатын әскери міндеттілер санын, жиынды өткізу мерзімін, сондай-ақ жиынды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оқу-жаттығу алаңы мен оқ ату алаңын бөлу іс-шараларын көрсетіп, әскери бөлімдер (мекемелер) үшін әскери жиын өткізу жоспарын;

2) бағынысты әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери міндеттілердің әскери жиынды ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша оқу бағдарламаларын, әдістемелік ұсынымды және тиісті нұсқауды әзірлейді.

76. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын уақтылы және сапалы жасақтауды қамтамасыз ету мақсатында әскери жиынға дайындалу кезеңінде жергілікті әскери басқару органы әскери жиынға шақыру үшін әскери міндеттілерді іріктеу мен зерделеуді ұйымдастырады және жүргізеді.

Әскери жиынға шақыру үшін әскери міндеттілерді зерделеу мен іріктеу әскери басқару органының, әскери бөлім (мекеме) өкілдерімен бірлесіп жүргізілуі мүмкін.

77. Әскери міндеттілерді іріктеу мен зерделеу әскери жиын міндеттері мен түрін ескеріп, қорғаныс істері басқармаларында (бөлімдерінде) жүзеге асырылады.

Іріктеу мен зерделеу үшін мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

1) зерделеуге жататын әскери міндеттілердің тізімі жасалады және оны өткізу күні белгіленеді;

2) ҚР ҚМ АЖ арқылы электрондық есепке алу картасындағы мәліметтер жаңартылады.

ҚР ҚМ АЖ-да жоқ қосымша мәліметтерді алу қажет болғанда мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тиісті сұрау салу жіберіледі.

78. Әскери міндеттілерді сапалы іріктеуді ұйымдастыру үшін жергілікті әскери басқару органы:

әскери жиын облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында өткізілгенде – қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері);

әскери жиынды облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағынан тыс жерде өткізілгенде – қорғаныс істері департаменттері жасақталатын әскери бөлімдермен (мекемелермен) өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырады.

79. Әскери оқу-жаттығу жиынына:

1) запастағы сержанттар мен қатардағы жауынгерлерден запастағы офицерлерді даярлау үшін:

командалық бейін бойынша – білімі жоғары және тиісті әскери-есептік мамандық бойынша әскери қызмет өткерген, 30 жасқа толмаған запастағы сержанттар мен қатардағы жауынгерлер;

инженерлік-техникалық және басқа да бейін бойынша – әскери-есептік мамандық бейініне жақын мамандық бойынша білімі жоғары немесе ол бойынша әскери қызмет өткерген, 35 жасқа толмаған запастағы сержанттар мен қатардағы жауынгерлер;

2) осы Қағидалардың 67-тармағының 2) – 5) тармақшаларында көзделген әскери міндеттілерді даярлау үшін – тиісті әскери-есептік мамандық бойынша әскери қызмет өткерген не азаматтық мамандығы немесе практикалық жұмыс тәжірибесі әскери-есептік мамандыққа жақын 40 жасқа толмаған әскери міндеттілер басымдықпен шақырылады.

80. Тексеру жиынына Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын жасақтауға арналған әскери міндеттілер шақырылады.

Әскери жиынға шақырудан босатылған әскери міндеттілер осы Қағидалардың 79-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келетін әскери міндеттілермен ауыстырылады.

81. Оқу-жаттығу жиынына және арнайы жиынға дайындалу кезеңінде шақыру үшін іріктелген әскери міндеттілер медициналық куәландыруға жіберіледі.

Тексеру жиынына шақыру кезінде денсаулық жағдайына шағым жасаған әскери міндеттілер медициналық қарап-тексерілуге тиіс.

Әскери міндеттілердің ұшқыш-мамандар құрамы дәрігер-ұшқыштар комиссиясында медициналық қарап-тексерілуге тиіс.

Медициналық куәландыру картасы нәтижеслермен бірге запастағы офицерлердің жеке ісіне тігіледі, ал сержант және қатардағы жауынгер құрамының жеке ісі қызметтік іс жүргізуде есепке алынады және тиісті іске тігіледі.

Әскери жиынға шақырылатын запастағы офицерлердің жеке ісі әскери бөлімдерге (мекемелерге) құпия поштамен жіберіледі, ал атаулы тізім, ұшу кітапшасы және медициналық кітапша режимдік бөлімдерге (мекемелерге) оларды жиын басталардан екі күн бұрын алу есебінен құпия пошта арқылы жіберіледі.

82. Мемлекеттік құпияларға рұқсат ету талап етілетін әскери бөлімдерге (мекемелерге) шақырылатын әскери міндеттілерге рұқсат ету мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнамаға сәйкес ресімделеді.

83. Әскери жиынға шақыру үшін іріктелген әскери міндеттілерді хабардар ету әскери команданы құру және әскери жиын өткізілетін жерге дейін жеткізу уақытын ескеріп, алдын ала жүргізіледі.

84. Әскери міндеттілерді тексеру жиынына шақыру жұмылдыру жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

85. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында әскери жиын өткізу кезінде әскери команда құру аяқталғаннан кейін әскери командаға қабылданған әскери міндеттілерге қатысты әскери жиынға шақыру туралы қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының бұйрығы ҚР ҚМ АЖ қолданылып шығарылады.

Шақыру туралы бұйрық жасау кезінде техникалық істен шыққанда (ақау) орын алғанда бұйрықты қағаз жеткізгіште басып шығаруға, кейіннен бұйрықты бұрын анықталған деректемелермен ҚР ҚМ АЖ-да қайта шығаруға жол беріледі.

Әскери жиынға шақыру туралы бұйрық шығарылғаннан кейін бұрын әскери билеті болмаған әскери міндеттілерге белгіленген тәртіппен әскери билет жазылып, кейіннен оларға қолтаңбасы қойғызылып беріледі.

Қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының әскери міндеттілерді әскери жиынға шақыру туралы бұйрығынан үзінді әскери жиыннан өтетін жерге (басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға және аумақтық әскерге жіберілетінді қоспағанда) азық-түлік аттестатын жазу және жіберу үшін қорғаныс істері департаментіне жіберіледі.

Ескертпе.

Әскери командаға қабылданған әскери міндетті қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) бастығының жиынға шақыру туралы бұйрығы шыққан сәттен бастап әскери қызметші мәртебесіне ие болады.

86. Шақырылған әскери міндеттілерді оқу-жаттығу жиынынан және арнайы жиыннан өтетін жерге ұйымдасқан түрде жеткізу үшін олармен бірге жүретін адам тағайындалады, оған әскери команданы жеткізуге маршрут парағы және тиісті жергілікті әскери басқару органы әскери жиынға шақырған және әскери бөлімге (мекемеге) жіберген әскери міндеттілердің осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған атаулы тізімінің (бұдан әрі – атаулы тізім) екі данасы беріледі.

Атаулы тізімге командирдің (бастықтың) орынбасарларының бірі қол қояды және әскери команда қабылданғаннан кейін әскери бөлімнің (мекеменің) елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

Атаулы тізімнің бірінші данасы әскери бөлімде (мекемеде) қалады, ал екінші данасы қорғаныс істері департаментіне қайтарылады, қызметтік іс жүргізуде есепке алынады және архивке сақтауға беріледі.

87. Әскери командаларды облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінен тыс оқу-жаттығу жиынына және арнайы жиынға жіберу жиын пункті арқылы жүргізіледі.

Шақырылатын әскери міндеттілерді жиын пунктіне жеткізуді ұйымдастыруды және тиісті құжаттарды жіберуді қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) қорғаныс істері департаментінің нұсқауына және нарядына сәйкес ұйымдастырады.

88. Жиын пунктінде:

1) әскери команда құру бір тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі;

2) әскери команда құрамында жөнелтілетіндердің жалпы санының жиырма пайызына дейін әскерге шақырылушылар резервін ұстауға жол беріледі, ол әскери командаларға қабылданған әскерге шақырылушыларды ауыстыру керек болғанда қолданылады.

89. Әскери жиын облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағынан тыс жерде өткізілгенде әскери пунктте әскери команда құру аяқталғаннан кейін әскери командаға қабылданған әскери міндеттілерге қатысты қорғаныс істері департаменті бастығының әскери жиынға шақыру туралы бұйрығы ҚР ҚМ АЖ қолданылып шығарылады.

Жиынға шақыру туралы бұйрық жасаған кезінде техникалық істен шығу (ақау) орын алғанда бұйрықты қағаз жеткізгіште басып шығаруға, кейіннен бұйрықты бұрын анықталған деректемелермен ҚР ҚМ АЖ-да қайта шығаруға жол беріледі.

Әскери жиынға шақыру туралы бұйрық шығарылғаннан кейін белгіленген тәртіппен бұрын әскери билеті болмаған әскери міндеттілерге әскери билет жазылып, кейіннен оларға қолтаңбасын қойғызып беріледі.

Ескертпе.

Әскери командаға қабылданған әскери міндетті қорғаныс істері департаменті бастығының жиынға шақыру туралы бұйрығы шыққан сәттен бастап әскери қызметші мәртебесіне ие болады.

90. Оқу-жаттығу жиынына және арнайы жиынға шақырылған әскери міндеттілерді жиын пунктінен әскери қызмет өткеретін жерге ұйымдасқан түрде жеткізу үшін бірге жүретін адам(дар) тағайындалады, оған (оларға):

- 1) екі данада әскери міндеттілердің атаулы тізімі;
- 2) азық-түлік аттестаты (басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға және аумақтық әскерге жіберілетіндерді қоспағанда);
- 3) әскери команданы жеткізуге маршрут парағы беріледі.

Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілердің атаулы тізіміне командирдің (бастықтың) орынбасарларының бірі қол қояды және әскери команда қабылданғаннан кейін әскери бөлімнің (мекеменің) елтаңбалы мөрімен куәландырылады.

Атаулы тізімнің бірінші данасы әскери бөлімде (мекемеде) қалады, ал екінші данасы қорғаныс істері департаментіне қайтарылады, қызметтік іс жүргізуде есепке алынады және архивке сақтауға беріледі.

91. Ұшқыш-мамандар құрамын даярлау әскери жиынына шақырылған әскери міндеттілермен бірге жүретін адамға мөр қойылған қосымша ұшу кітапшасы және медициналық кітапша беріледі.

92. Әскери командамен бірге жүретін адам әскери жиыннан өтетін жерге келгеннен кейін әскери команданы атаулы тізім бойынша қабылдау пунктінің бастығына береді.

93. Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілерді жауынгерлік даярлау әскери жиын өткізудің әдістемелік нұсқаулары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

94. Әскери жиын өткізетін әскери бөлім (мекеме) командирлері жиынға шақырылған әскери міндеттілердің жауынгерлік даярлығын ұйымдастыруға және оның сапасына, әскери жиынды уақтылы және толық материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, оқу базасын дайындауға, әскери міндеттілерді қабылдауды және жиыннан жіберуді ұйымдастыруға жауапты болады. Құпия жұмысты жүргізу және құпия құжаттардың, техника мен қару-жарақтың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасауға ерекше назар аударылуға тиіс. Жиынға шақырылған әскери міндеттілерге құпия құжаттарды, техника мен қару-жарақты сақтау және онымен жұмыс істеу, жеке хат алмасу тәртібі және мемлекеттік және әскери құпияны сақтағаны үшін дербес жауаптылық, жеке блокнотқа құпия жазба, суреттеме, есеп жазуға және әскери объектілер мен құпия техниканың фото-кино түсірілімін жасауға жол бермеу жөніндегі негізгі талаптар жеткізілуге тиіс.

95. Оқу-жаттығу және тексеру жиынына шақырылған әскери міндеттілер казармалық жағдайда болады.

96. Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілерді шаруашылық және құрылыс жұмысының кез келген түріне, сондай-ақ әскери жиыннан өтумен байланысты емес қызмет өткеруге тартуға жол берілмейді.

97. Әскери жиынға шақырылған және бұрын әскери ант қабылдамаған әскери міндеттілер күнтізбелік үш күн ішінде әскери ант қабылдайды, ол туралы әскери билетінде тиісті белгі жасалады.

98. Әскери жиын аяқталғаннан кейін әскери бөлімдер (мекемелер):

1) ерекше көзге түскендерді көтермелеп, салтанатты түрде шығарып салады;

2) запастағы офицерлерге, сондай-ақ офицер құрамына даярлықтан өткен запастағы сержанттар мен қатардағы жауынгерлерге мінездеме жазады, онда әскери жиынның оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін, әскери істі зерделеуге деген көзқарасын және көрсетілген моральдық қасиетін, соғыс уақытында офицер тағайындала алатын лауазымды, ол есепке алынатын әскери-есептік мамандықты (егер офицер жаңа мамандық бойынша қайта даярлықтан өтсе), кезекті (алғашқы) әскери атақ беру мүмкіндігін көрсетеді;

3) оқу бағдарламасын табысты аяқтаған әскери міндеттілерге офицер, сержант және қатардағы жауынгер құрамының кезекті (алғашқы) әскери атағын беруге өтінішхат жазады;

4) жеке іске және әскери билеттің тиісті бөлігіне әскери жиыннан өткені (әскери жиынның ұзақтығы, әскери-есептік мамандық пен даярлықтан өткен лауазым коды) туралы белгі қояды, оны әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қолтаңбасымен және мөрімен куәландырады.

99. Әскери жиын аяқталғаннан кейін жергілікті әскери басқару органына ұйымдасқан түрде жеткізу үшін әскери міндеттілер атаулы тізімге сәйкес жергілікті әскери басқару органының өкілімен бірге жіберіледі.

Ұшқыш-мамандар құрамын даярлау әскери жиынынан өткен әскери міндеттілермен бірге жүрушіге қосымша мөр қойылған ұшу кітапшасы және медициналық кітапша беріледі.

Әскери жиыннан өткендердің жеке ісі, мінездеме материалы мен әскери атақ беруге өтінішхат әскери жиын аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде жергілікті әскери басқару органына жіберіледі.

100. Қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) әскери жиын аяқталғаннан кейін жеке істі, мінездеме материалын және әскери атақ беруге өтінішхатты алысымен бес жұмыс күні ішінде:

1) әскери жиыннан өткен әскери міндеттілердің есепке алу картасына ҚР ҚМ АЖ-ға әскери-есептік мамандық пен лауазымның өзекті кодын енгізеді;

2) қорғаныс істері департаменттеріне офицер, сержант және қатардағы жауынгер құрамының кезекті (алғашқы) әскери атағын беру үшін материал жібереді;

3) жұмыс берушілерге оларға еңбек ұжымында құрмет көрсету үшін әскери жиыннан сәтті өткен жұмыскерлері бойынша алғысхат жібереді.

101. Қорғаныс істері департаменттері қорғаныс істері басқармаларынан (бөлімдерінен) офицер, сержант және қатардағы жауынгер құрамының кезекті (алғашқы) әскери атағын беру үшін материал алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде:

1) бастықтың сержант және қатардағы жауынгер құрамының кезекті (алғашқы) әскери атағын беру туралы бұйрығын шығарады;

2) офицер құрамының кезекті (алғашқы) әскери атағын беру үшін материалды Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментіне жібереді.

102. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери басқару органын, әскери бөлімдерін (мекемелерін) соғыс уақытының ұйымдық-штаттық құрылымына дейін жасақтау сапасын арттыру мақсатында қорғаныс істері басқармалары (бөлімдері) әскери жиын қорытындысы бойынша жұмылдыруда арналуын қайта қарау жұмысын жүргізеді.

103. Әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери жиыннан өту кезеңінде әскери міндеттілерге:

1) Қарулы Күштер (аумақтық әскерді қоспағанда) – тиісті қаржы жылына республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қаражаты есебінен;

2) басқа да әскерлер мен әскери құралымдар – тиісті қаржы жылына республикалық бюджетте көзделген уәкілетті органның қаражаты есебінен;

3) аумақтық әскер – тиісті қаржы жылына жергілікті бюджетте көзделген жергілікті атқарушы органның қаражаты есебінен орташа, бірақ республика бойынша орташа жалақыдан жоғары емес жалақы, ал жұмыс істемейтіндерге ең төменгі жалақы төленеді.

104. Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілерді әскери жиын өтетін жерге және одан кері қарай жеткізу әуе, теміржол немесе автомобиль көлігімен жүргізіледі.

Жеткізу шығыстарын төлеуді тиісті мемлекеттік немесе жергілікті атқарушы орган республикалық немесе жергілікті бюджетте осы мақсатқа көзделген қаражат шегінде жеткізуді жүзеге асыратын ұйым ұсынған көрсетілген қызмет актісі және шот бойынша оған тікелей жүргізеді.

105. Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілерді тұрғылықты жерінен жиын өтетін жерге дейін, сондай-ақ жиын аяқталғаннан кейін тұрғылықты жеріне дейін жеткенше азықпен қамтамасыз етуді тиісті қаржы жылына республикалық және жергілікті бюджетте көзделген тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның қаражаты есебінен:

жергілікті әскери басқару органы – әскери жиын өтетін жерге дейін;

әскери бөлім (мекеме) – жергілікті әскери басқару органына дейін жүргізеді.

106. Әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілер әскери жиын кезеңінде:

әскери міндеттілер әскери жиын өтетін әскери бөлімнің (мекеменің) жеке құрамы үшін белгіленген азық нормасы бойынша азық-түлікпен;

әскери міндеттілердің тиісті санаты үшін белгіленген норма бойынша заттай мүлікпен және медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

5-тарау. Жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі

107. Азаматтарды жұмылдыру бойынша, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы негізінде және Заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

108. Облыс (республикалық маңызы бар қала немесе астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бұйрықты жергілікті әскери басқару органының бастықтары Қазақстан Республикасы Президентінің жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрығы негізінде шығарады.

Жергілікті әскери басқару органы бастығының жалпы немесе ішінара жұмылдыру жариялау туралы бұйрығы тұрғындарға хабар тарату желісін, теледидарды және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланып жеткізіледі.

